



**THE OXUS
SOCIETY
FOR CENTRAL
ASIAN AFFAIRS**



**ЖАҢАТАС: ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУЫН
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ
БОЙЫНША ТЕСТІЛІК СЦЕНАРИЙ**

МАКСИМИЛИАН ХЕСС

ЖАҢАТАС: ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУЫН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ БОЙЫНША ТЕСТІЛІК СЦЕНАРИЙ


Зерттеу АҚШ-тың Қазақстандағы елшілігінің қаржылық қолдауымен The Oxus Society for Central Asian Affairs (АҚШ) – Kazakhstan Futures Programme (қаңтар-қыркүйек 2023) бастамасы шеңберінде жүргізілді.

Автор туралы:

Максимилиан Хесс, Сыртқы саяси зерттеулер институтының Еуразия бағдарламасы шеңберінде Орталық Азия елдері бойынша ғылыми қызметкері және саяси тәуекелдерге маманданған лондондық «Enmetena Advisory» фирмасының негізін қалаушы. Сонымен қатар «Экономикалық соғыс: Украина және Ресей мен Батыс арасындағы жаһандық қақтығыс» кітабының авторы. Оның зерттеулері сауда, қарыз, халықаралық қатынастар мен сыртқы саясат арасындағы өзара байланысы, сондай-ақ саяси және экономикалық топтар мүдделерінің тоғысуы мәселелеріне арналған.




THE OXUS SOCIETY
FOR CENTRAL ASIAN AFFAIRS



АҢДАТПА

Қазақстанға қатысты мәселелер көп жағдайда жеңіл-желпі ракурста қарастырылады – оны көбінесе Еуразияның болашағы үшін геосаяси бәсекелестіктегі қолайлы «жаңа бір үлкен ойынның» орталығы немесе саяси экономикасы мұнайға деген сұраныстың төмендеуіне байланысты күрделі проблемаларға тап болған бұрынғы Кеңес мемлекеті деп атайды. Бірақ бұл сипаттамалардың қай-қайсысы да Қазақстанның геосаяси жағдайының күрделілігін немесе оның болашағын айқындайтын өзгерістер мен мүмкіндіктердің жай-күйін көрсетпейді. Бұл осы қалыптасқан екі таптаурын пікір Қазақстанның болашағын айқындайтын белгілі бір факторларды көрсетпейді дегенді білдірмейді, керісінше, мұндай тым жеңіл-желпі берілген сипаттамалар елдің саяси және экономикалық ортасы туралы түсінікті дамыту жөніндегі күш-жігерді бүркемелеуі мүмкін.

Бұл есептің мақсаты Қазақстандағы жел энергетикасы саласындағы ірі жоба – «Жаңатас жел электр станциясы» жобасын әзірлеу және іске асыру кезеңдерін және жобаның жетістігі осындай іргелі стереотиптерді қалай жоққа шығаратынын көрсету болып табылады. «Жаңатас жел электр станциясы» – Қазақстанның орталық бөлігінің оңтүстігінде Жамбыл облысында орналасқан қуаты 100 МВт жаңартылатын энергия өндіру жобасы. Бұл Қазақстанның «жасыл» энергетикаға көшуіне ықпал ететін флагмандық жоба ғана емес, сонымен қатар 1960 жылдары Кеңес өкіметі билігінің фосфат өндіру орталығы ретінде құрған, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін халқы айтарлықтай азайған Жаңатас қаласын дамытудың негізгі жобасы.^[1]



Жоба Қазақстанның энергетикалық проблемаларын шешуге қосатын үлесімен және оның «жасыл» энергетикаға көшуге деген ұмтылысын көрсетумен ғана емес, сонымен қатар көбінесе, дұрыс мағынасында, ырыққа көнбейтін, ал тіпті теріс мағынасында тиісті саяси ұстанымдарына байланысты антагонистік институттар ретінде қарастырылатын халықаралық қаржы институттарының ресми қолдауымен бірегей жағдайға ие екендігімен де ерекшеленеді.


«Жаңатас жел электр станциясы» жобасы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен отандық жеке ойыншылар тарапынан ғана қолдау алып қойған жоқ, сонымен қатар Лондонда орналасқан ірі салымшысы АҚШ болып табылатын Еуропа қайта құру және даму банкінен (бұдан әрі – «ЕҚДБ») және Бейжіңде орналасқан ең ірі акционері Қытай Халық Республикасы болып табылатын Азия халықаралық инвестициялық банкінен (бұдан әрі – «АХИБ») де қаржыландыру алды. Біріншісі – Батыс қолдайтын экономикалық тәртіп шеңберіндегі негізгі қаржылық даму институттардың бірі, ал екіншісі – Қытайдың «Бір белдеу – бір жол» бастамасының негізгі даму институттарының бірі. Бұл есептің мақсаты – осы жобаны халықаралық қаржы институттары арасындағы әрі қарайғы халықаралық ынтымақтстықтың Қазақстанның және басқа елдердің осындай ресурстарды игеруіне және өздерінің «жасыл» бағдарламаларын іске асыруын жеделдетуге, сондай-ақ ішкі нарықты қолдауға қалай көмектесетінінің мысалы ретінде көрсету.

Есептің басында Қазақстан бетпе-бет кезігіп отырған проблемаларды және «Жаңатас» сияқты жобалар оларды шешуге қалай көмектесетінін көрсету үшін елдің энергетикалық нарығына және Қазақстанның «жасыл» күн тәртібіне шолу жасалады. Содан кейін жобаның өзі және оған қатысқан тиісті серіктестер, сондай-ақ ұқсас іс-шаралар мен халықаралық ынтымақтстықты мейлінше кеңейту үшін жобадан алынған тәжірибе қарастырылады.

СЫРТҚЫ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ НАРЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ «ЖАСЫЛ» КҮН ТӘРТІБІ

Соңғы жылдары Қазақстан өзінің ішкі энергетикалық нарығында, атап айтқанда, электр энергиясын өндіру мен оған деген сұраныс мәселелерінде бірқатар күрделі проблемаларға тап болды. Халықаралық энергетикалық агенттіктің мәліметінше, 2020 жылы Қазақстан 110,9 тераватт-сағат (ТВт-сағ) электр энергиясын өндірді, ал тұтыну 80,1 ТВт-сағатты құрады, бұл елде электр энергиясын өндірудің профициті айтарлықтай деңгейде екенін көрсетеді.^[2] Алайда бұл сандар сектор алдында тұрған нақты жағдай мен проблемаларды, атап айтқанда, Қазақстанның электр энергиясын өндіру көлемінің 67,3%-ын құрайтын көмірге тәуелділігін көрсетеді.^[3] Табиғи газ көлеміне қарай электр энергиясының екінші үлкен көзі болғанымен (21,7%), табиғи газбен жұмыс істейтін қосымша электр станцияларын салудың экономикалық орындылығын, әсіресе Қытайға табиғи газ экспортының тартымдылығы мен табиғи газды мұнай-химия өнімдеріне қайта өңдеу арқылы құн тізбегін арттыру шараларын ескерсек, бұл мәселе белгілі бір сұрақтар туғызады. Сонымен қатар, Қазақстан тұрғындарының барлығының да электр энергиясын пайдалана алатын мүмкіндігі болғанымен, ел сұраныстың мейлінше жоғары болуына және соңғы жылдары энергетика секторында энергияның мейлінше жиі өшуіне әкеп соқтырған тозығы жеткен ішкі электр желілеріне байланысты проблемаларға тап болып отырады.^[4]

Қазақстандағы пайдалы қазбалардың едәуір қоры ел экономикасы үшін ұзақ уақыт бойы игілік болып келгеніне қарамастан, мұнай өндіру мен металл өндіру бұл проблемаларды тікелей шешуге мүмкіндік бермейді, олардың көпшілігі Кеңес кезеңінің экономикалық моделінің мұрасы,





Кеңес Одағының ыдырауының салдары және өңірдің басқа елдерінде Қазақстан үшін қиындықтар туғызатын оқиғалар болып табылады. 2007 жылы белгіленген электр қуаты 18 ГВт құрады, ал 2022 жылға қарай, АҚШ Халықаралық сауда басқармасының мәліметі бойынша, ол тек 5,5%-ға – 19 ГВт-ға дейін өсті.^{[5][6]}

Белгілі бір деңгейде бұл мынадай жағдайлармен түсіндіріледі: тағы 5 ГВт орнатылу үстінде, әлі пайдалануға берілмеген немесе елде қолжетімді емес, халық тығыз қоныстанған оңтүстік пен өнеркәсіптік өңірлер арасында электр энергиясына деген сұраныс теңгерімі айтарлықтай алшақ, оларды қосу күрделі мәселе болып табылады, сондай-ақ Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін көмірден бас тартуға тырысқанымен, көмірі басым электр энергиясын өндіру секторы оған кеңестік экономикадан мұраға қалды. Осыған қарамастан, тек ескірген өндірістің істен шығуы есебінен емес, сонымен қатар баламалы әрі неғұрлым тұрақты электр энергиясы көздерін дамыту арқылы да көмірге тәуелділіктен кетуді барынша тездету қажет, өйткені Қазақстан әлемдегі энергияны неғұрлым көп қажет ететін он экономиканың бірі болып қала береді және солардың ішіндегі көмірге барынша тәуелдісі болып табылады.^[7]

Тарихи қалыптасқан жағдай бойынша Орталық Азиядағы электр энергиясына деген сұраныстың өзгеріп отыруы Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Түркіменстан арасында электр энергиясының трансшекаралық берілуін қамтамасыз ететін кеңестік электр энергиясын бөлудің бірлескен жүйесі – Орталық Азия энергия жүйесі (бұдан әрі – «ОАЭЖ») есебінен ішінара өтеліп келді. Түркіменстан 2003 жылы алғашқы болып ОАЭЖ құрамынан шықты, содан бері желі Тәжікстанның 2009 жылы электр желісінен шығуын қоса алғанда, күрделі мәселелерге тап болды, бірақ тоғыз жылдан кейін ол желіге қайта қосылды.^[8] Кейінгі жылдары Өзбекстан мен Қазақстан да сауда деңгейінің айтарлықтай төмендеп кетуіне байланысты ұйымнан мезгіл-мезгіл шығып отырды, ал желінің соңғы

күйреуі 2021-2022 жылдары орын алды, бұл кезде Өзбекстанда, Қазақстанда және Қырғызстанда бір мезгілде дерлік электр қуаты өшіп, электр энергиясына ішкі сұраныс өзгерді,^[9] олардың көпшілігі криптовалюта өндірумен байланысты болды. Бұл электр желісі жалпы үш аймаққа – батыс, солтүстік және оңтүстікке бөлінген Қазақстанда қиындықтарды тереңдете түсті.^[10] Қазақстан осы нарықтар арасында өзінің ішкі байланыстарын – ЕҚДБ қаржыландырған^[11] ерекше Солтүстік-Оңтүстік электр беру желісін дамытқанына қарамастан, Қазақстан халқының елдің оңтүстігінде көбірек шоғырланғаны және оның ішкі аудандарында көптеген ауыр өнеркәсіп зауыттарының, металлургия зауыттары мен шахталардың орналасқаны барлық тұтынушыларды электр энергиясымен дұрыс қамтамасыз етудегі мәселелерді тереңдете түседі.

1-сурет: Қазақстан электр энергетикасы инфрақұрылымының негізгі нысандарының картасы^[12]




Қазақстанда электр энергиясын жеткізу және қоршаған ортаны көмірмен лақтау проблемаларын шешу жөніндегі бағдарлама бар, оның негізінде 2013 жылы бұрынғы Президент Нұрсұлтан Назарбаев алғаш рет бекіткен Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама жатыр.^[13] Содан бері Қазақстан Үкіметі электр энергиясын өндіру саласында прогреске қол жеткізді: жаңартылатын көздер есебінен өндірілетін электр энергиясының үлесі 2015 жылғы 0,6%-дан 2022 жылға қарай 4,4%-ға дейін өсті.^[14] Аймақтық салыстырулар Орталық Азия елдері экономикаларының көлеміндегі үлкен айырмашылықтың, сондай-ақ ландшафттардағы айтарлықтай айырмашылықтардың салдарынан қиын болса да, мысалы, Тәжікстан су ресурстарының мол болуы мен су электр станцияларының арқасында электр энергиясының 60%-дан астамын жаңартылатын көздер есебінен өндіретінін хабарлайды, ал мұндай жағдай Қазақстанда жоқ, – Қазақстан неғұрлым салыстыруға келетін Өзбекстанның аймақтық экономикасынан бәрібір артта қалып отыр, 2019 жылы онда жаңартылатын энергия көздерінің, оның ішінде сол су электр станцияларының есебінен 10,9% электр энергиясы өндірілді.^{[15][16]} Соған қарамастан, Қазақстан Орталық Азияда жел энергетикасы есебінен жаңартылатын энергия көздерін дамыту бойынша өңірлік көшбасшы болып табылады, бұған Қазақстанның жазық әрі кең даласы ерекше қолайлы жағдай туғызады. Ол сондай-ақ жел энергетикасын дамытуды соңғы жылдары халықаралық қаржы институттары белсенді түрде қолдап отырған Украинадан кейінгі екінші орын иелене отырып (бұл сектор 2022 жылдың ақпанында басталған Ресей толық басып алуы салдарынан айтарлықтай шығынға ұшыраса да), бұрынғы Кеңес Одағы аумағында көлемі жағынан осындай ресурстардың екінші ірі әзірлеушісі болып табылады.^[17]

2022 жылы Қазақстан өзінің «жасыл» бағдарламасын кеңейтетінін жариялап, 2030 жылға қарай электр энергиясын өндіру көлемінің 15%-ы жаңартылатын энергия көздеріне, ал 2050 жылға қарай барлық 50%-ы «жасыл» энергияға тиесілі болатынын хабарлады.^[18] Мұндай өндіріс климаттың

өзгеруіне қарсы халықаралық күресті қолдауға ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның электр энергиясы нарығындағы жоғарыда аталған мәселелерді шешуге және бүкіл ел бойынша өнеркәсіп пен тұрғын үйлерді жеткілікті түрде қамтамасыз етуге бағытталған. «Жаңатас жел электр станциясы» сияқты жобалардың одан әрі табысты болуы осы мақсаттарға жету үшін шешуші мәнге ие болады.

«ЖАҢАТАС ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫН» ДАМУЫ


«Жаңатас жел электр станциясы» жобасы 2018 жылдың бірінші тоқсанында Қазақстанда жел энергетикасын дамыту стратегиясы шеңберінде іске қосылды, сол кездің өзінде жоба елдегі қуаты 100 МВт болатын ең ірі жел энергетикасы жобаларының бірі болады деп күтілген болатын, яғни ол Қазақстанның үй шаруашылықтарының электр энергиясын тұтыну көлемінің алты пайызын қамтамасыз ету үшін жеткілікті, тіпті қаладағы үй шаруашылықтары ел ішіндегі электр энергиясының үштен екісіне жуығын тұтынатынын ескергеннің өзінде «Жаңатас» жобасының Жамбыл облысының дамуына қосқан үлесі одан да көп болуы мүмкін.^{[19][20]} Жобаның орналасқан жері оның жел әлеуеті тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар ішкі инвестициялар тұрғысынан да маңызды болды, өйткені Жаңатас тарихи тұрғыдан «моноқала»^[21] болып саналды, ол – дамуы мен жұмыспен қамтылуы бір ірі активке, Жаңатас жағдайында фосфат кеніштеріне негізделген кеңестен қалған мұра-қаланы білдіретін термин. Шахталардың құлдырауы бүкіл өнеркәсіптің күйреуіне және халықтың үдере көшуіне әкелді, бұл мұндай инвестицияларды ұлттық электр энергиясын қамтамасыз етудің маңызды көзі ғана емес, сонымен қатар жергілікті экономиканы жасартуға мүмкіндік берді.^[22] 2023 жылдың




қыркүйегінде Қазақстан шенеуніктері қала мен оның айналасы ұзақ уақыт бойы Қырғызстанның электр энергиясының импортына тәуелді болғанына сүйеніп, қала үшін электр энергетикасын дамытудың ерекше маңыздылығын мойындады.^[23] Қала сонымен қатар жылу бағасының жоғары болуына, денсаулық сақтау инфрақұрылымының нашарлығына және экономикалық болашағының болмауына байланысты қиындықтарға тап болды, бұл соңғы жылдары айтарлықтай кему жағдайына әкелді.^{[24] [25]}

Жоба Нидерландыда тіркелген және қазақстандық бизнесмен Айдан Кәріпжанов негізін қалаған «Visor Group» еншілес компаниясы, «China Power International Holding» Қытай мемлекеттік компаниясы мен Қазақстанның «Visor Investment Cooperatief» компаниясы арасындағы бірлескен кәсіпорын түрінде құрылды.^[26] Бейжіңнің жобаны іске асыруда жетекші рөл атқаратыны басынан-ақ түсінікті болды, бірақ жобаның пайдасына АМИБ 2019 жылдың желтоқсанында жобаны іске асыруға 46,7 миллион АҚШ доллары көлемінде несие беретінін жариялады, бұл оның 130 миллион АҚШ доллары тұратын сметалық құнының үштен бірінен сәл астамын құрайды.

2-сурет: Жаңатас картасы, Жамбыл облысы [Maphill] [28]



Алайда, «Жаңатас» жобасының демеушілері сол кездің өзінде ЕҚДБ-мен жобаны одан әрі қолдау туралы келіссөздер жүргізді.^[26] Жоба демеушілері мұндай келіссөздердің басталғаны жөнінде ақпарат беру туралы өтінішке жауап бермесе де, соңғы жылдары жаңартылатын энергетиканы дамытуды өз жұмысының^[30] негізгі бағыттарының біріне айналдырған ЕҚДБ тарапынан қаржыландыру, әдетте, жеке нарықтық қаржыландыруға қарағанда жеңілдетілген және тіпті болмағанда, бәсекеге қабілетті әрі көбінесе мейлінше үнемді болып саналады. Талқылаулар, әдеттегідей, жоба демеушілерінің ЕҚДБ-мен де, АМИБ-пен де келіссөздер жүргізгені сияқты көпшілікке жария етілмеді, дегенмен авторлар әңгімелескен нарық қатысушылары екі жақтан да қаржыландыру туралы келісімге қол жеткізу




мейлінше өршіл ғана емес, екіталай деп саналғанын атап өтті. Соған қарамастан, 2020 жылғы шілдеде COVID-19 пандемиясы өршіп тұрған кезде ЕҚДБ 10,8 млрд. қазақстан теңгесі (сол кездегі басым айырбас бағамы бойынша шамамен 25,28 АҚШ доллары) мөлшерінде қарыз бере отырып, жобаға қолдау көрсететінін мәлімдеді.^[31] Солай бола тұрса да, Қытай мен қытай компаниялардың жобаға тигізген әсері айтарлықтай болды: Қытайдың өнеркәсіптік және коммерциялық банкі де қолдау көрсетті – турбиналар қытайдың «Envision» компаниясынан сатып алынды, ал жобаны әзірлеу жұмыстарын кейбір қазақстандық мердігерлермен қатар қытай фирмалары да бақылап отырды.^[32] Жобаны қаржыландыруды Қазақстан Үкіметінің шарттары жария етілмейтін электр энергиясын сатып алу туралы келісімі де қолдады (мұндай келісімдер және шарттарды жария емес ашу сала үшін стандартты болып табылады).^[33]

«Жаңатас жел электр станциясының» құрылысы 2021 жылдың маусым айында аяқталды, мұның әсіресе пандемия кезінде салынғанын ескерсек, бұл – адам таңғаларлық мерзім. Жоба аяқталуға аз қалған кезде 2021 жылдың сәуірінде АМИБ пен ЕҚДБ «осы екі институт қатысатын елдерде экономикалық даму мен инвестицияларды ілгерілету мақсатында олардың ынтымақтастығын оңтайландыруға»^[34] бағытталған жаңа негіздемелік тең қаржыландыру бағдарламасына қол қойды. Осы негіздемелік бағдарлама туралы кейбір мәліметтердің жарияланғанына қарамастан, мұндай құрылымдар олардың ешқандай ресми құқықтық негіздері болмаса да және жаңа негіздемелік бағдарламалар шеңберінде ешқандай міндеттемелер жарияланбаса да, әдетте ынтымақтастықты келісу және бірлесіп қаржыландырудың оңайлатылған процестерінен тұрады. Солай бола тұра, «Жаңатас жел электр станциясы» АҚШ пен Қытай арасындағы геосаяси бәсекелестікке қарамастан, өзара мүдделер қиылысатын жағдайларда ынтымақтастықтың әлі де мүмкін екенін дәлелдеген ірі жобаға айналды.

«Жаңатас жел электр станциясы» жобасы сәтті аяқталғаннан кейін оның иелері бұрын қолдау таппаған тағы бір жоспарланған қазақстандық жел энергетикалық жобасын – Жаңатастан 400 миль/645 шақырым жерде орналасқан «Шоқпар жел электр станциясы» жобасын іске асыруға міндеттенді. «Шоқпар жел электр станциясының» «Жаңатас жел электр станциясынан» айырмашылығы мынада: ол сондай-ақ құрылыс аяқталғаннан кейін қазақстандық желіге 100 МВт жасыл энергия қосады, «China Power International Holding» оның серіктесі болып қала бергенімен, ол «Vision International»-ға тиесілі болады, ал көптеген өнім берушілер мен мердігерлер «Жаңатас жел электр станциясы» жобасын іске асыруға кім қатысса, солар болады деп күтілуде. 1 қыркүйекте ЕҚДБ «Шоқпар жел электр станциясы» жобасын қолдау үшін 39 млн. АҚШ доллары көлемінде несие ұсынатынын (ол теңгемен және доллармен қаржыландыру түрінде бөлінетін болады) және АМИБ та 2021 жылдың сәуір айында негіздемелік тең қаржыландыру шеңберінде жобаны қолдайтынын мәлімдеді^[35].

Қытайдың мемлекеттік БАҚ-тары «Жаңатас жел электр станциясы» жобасының іске асырылуын «Бір белдеу – бір жол» бастамасы аясындағы басты жетістік ретінде бірнеше рет атап өтті, бұл бағдарлама американдық саяси топтар тарапынан айыптауға ұшырады.^{[36][37]} Мұндай мәлімдемелерді ЕҚДБ елемейді, демек, бұл Батыс тарапы жобаны қолдамайды деген сөз. Алайда мұндай ынтымақтастық Қазақстанда жел энергетикасын дамыту, одан әрі инвестицияға мұқтаж электр энергиясы нарығын қолдау, «монотонды» жүйені жаңғырту, сондай-ақ Қазақстанға жаңартылатын энергия көздерін пайдалану мақсаттарына қол жеткізу және осылайша климаттың өзгеруіне қарсы жаһандық күреске жәрдемдесу мәселелерінде жемісті болды. Бұдан әрі қарайғы қолдау, оның ішінде Бейжіңмен серіктесіп, Қазақстан мен басқа да елдерге қосымша қаржыландыру ұсынысынан, сондай-ақ ресми институттар тарапынан осындай қаржыландыруға қатысты геосаяси бәсекелестікті қарапайым түсінікпен салыстырғанда жаңа жоспар әзірлеуден тұруы мүмкін. Ішкі инвестициялар мен




даму бағдарламаларын, атап айтқанда, олардың «жасыл» компоненттерін қолдайтын жобаларды геосаяси бәсекелестіктен жоғары қою және осындай қолдау алатын Қазақстан сияқты елдердің нарықтары мен тұрғындарына пайда әкеліп қана қоймай, сонымен қатар экологиялық және «жасыл» күн тәртібін қолдау жаңа жоспар құруға көмектесуі мүмкін, сонымен бірген американдық және Батыс нарықтарынан, сондай-ақ Қытайдан өзара қолдау алуды жалғастыруы тиіс.

Мұндай ынтымақтастық Орталық Азияда, оның ішінде ҚХР Мемлекеттік кеңесінің Премьері Си Цзиньпин 2013 жылы өзінің «Бір белдеу – бір жол» бастамасын көтерген Қазақстанда сирек кездеседі. Бейжің мен ЕҚДБ сияқты ұйымдармен тығыз байланысты АҚШ басқаратын «батыс блогының» күн тәртібі көбінесе қарама-қарсы болып саналады. Батыс Қытайдың күш-жігерін үшінші елдердің Бейжіңге тәуелділігін арттыруға және оның «Бір белдеу – бір жол» жобалары үшін қаржыландыру мен инвестиция алатын елдердегі шешім қабылдаушы тұлғаларға әсерін күшейтуге бағытталған «қарызға батыру дипломатиясының» мысалы ретінде қарастырады. Қытай өз кезегінде Батыстың аймақтағы ықпалы Батысқа бағынатын үкіметтерді билікке әкелуге бағытталған деп сендіреді, ал 2022 жылдың қаңтарында Си Цзиньпин Батысты тікелей Кремльден Владимир Путин айтты дегендей етіп, Қазақстанда «түрлі түсті революцияның» отын тұтатуға ұмтылды деп айыптады.^[38] Мұндай антагонистік көзқарастар алайда ортақ мүдделер мен сәйкестіктер салалары көбінесе назардан тыс қалатынын білдіреді. «Жаңатас жел электр станциясы» жобасы Қытайдың жел энергетикасы инфрақұрылымы мен Қытайдың жел энергетикасы саласындағы тәжірибесі үшін экспорттық нарықты қамтамасыз етеді, сондай-ақ Батыс жақтайтын қоғамдық мақсаттар мен даму мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етеді және сонымен бірге барлық мүдделі тараптардың мүдделеріне жауап беретін жаңартылатын энергия көздері саласындағы ірі ауқымды жобаларды әзірлеудің тестілік сценарийі болып табылады.

САЯСИ САБАҚТАР ЖӘНЕ ҰСЫНЫМДАР

«Жаңатас жел электр станциясы» жобасын дамытудың саясаткерлер үшін екі негізгі салдары, сондай-ақ жобаның түптеп келгенде қандай пайда әкелетініне байланысты қосымша сабақтар үшін әлеуеті бар.

Бірінші және негізгі сабақ Батыс пен Қытай қолдайтын қаржылық даму институттары арасындағы ынтымақтастық, тіпті «жаңа Үлкен ойынның» эпицентрі болып саналатын елде де болуы мүмкін дегенге келіп тіреледі. «Жаңатас жел электр станциясы» сияқты жобалар бойынша ынтымақтастық АҚШ пен Қытай арасындағы бәсекелестіктің жалпы көрінісін өзгертуі екіталай, бірақ бұл барлық мүдделі тараптардың ұстанымдарын талдау үшін жеткіліксіз негіз екенін атап көрсетеді. Ынтымақтастық нәтижелерін жариялау кері нәтиже беруі мүмкін деп айтуға болады, өйткені Вашингтон мен Батыстағы, сондай-ақ Бейжіңдегі саяси толқындар мұндай бастамаларды қолдамауы мүмкін. Алайда батыс саясаткерлері тіпті мұндай жобаларды одан әрі қаржылық тұрғыдан қолдаған жағдайда да Қазақстанның жаңартылатын энергетика саласындағы мақсаттарына қол жеткізу, өз кезегінде, оның бүкіл әлемде неғұрлым кең «таза нөл» бастамаларына қосқан үлесін қамтамасыз ету – бәрінен бұрын Қазақстан сияқты дамушы нарықтарға бәсекеге қабілетті бағалар бойынша жел турбиналарын жеткізу қабілетінің зор ескере отырып, Бейжің тарапынан қолдау талап ететінін ескеруі тиіс.^[38] Батыстың турбина өндірушілері Қазақстанда келісімшарттар жасасқанымен,^[39] батыс саясаткерлері өз өндірушілерін қолдау мен жаңартылатын энергетика саласындағы ең жоғарғы мақсаттарға жету арасындағы тепе-теңдікті сақтауға мәжбүр болады.




Екіншіден, соңғы жылдары Қазақстан көмірден бас тартуда белгілі бір прогреске қол жеткізгенімен, электр энергиясын өндірудегі жаңартылатын энергия көздерінің үлесін 2030 жылға қарай 15%-ға дейін және 2050 жылға қарай 50%-ға дейін ұлғайту жөніндегі өз мақсаттарына қол жеткізу үшін мұндай қолдау Қазақстанның жаңартылатын энергия көздері саласындағы өз мақсаттарына қол жеткізуі және өзінің «жасыл күн тәртібін» іске асыруда ілгерілеу үшін бұрынғысынша қажет болуы мүмкін. Алайда, Қазақстанның өзінің мемлекеттік даму институттары арқылы қосымша қаржылық қолдау көрсетуге және «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорынан капитал тартуға әлеуеті бар, сондай-ақ саясаткерлердің Астананы осындай дамуды барынша тікелей қолдау үшін ынталандыруға назар аударғаны дұрыс.

Бұл есепте АМИБ пен ЕҚДБ-ның «Жаңатас жел электр станциясы» жобасын дамыту жөніндегі ынтымақтастығы Қазақстанның екінші ірі жел энергетикалық жобасы бойынша ынтымақтастыққа қалай ықпал еткені сипатталғанымен, Жаңатастың және бүкіл Жамбыл облысының жергілікті тұрғындары жобадан қандай әлеуметтік және экономикалық пайда алатынын әлі де анықтау қажет. Жергілікті БАҚ жел электр станциясы іске қосылғаннан кейін де облыс бұрынғысынша электр энергиясының жетіспеушілігін сезініп отырғанын растайды, бұл жобадан алынатын электр энергиясының көп бөлігі Жаңатастың ескі өнеркәсіптік жобаларына кері бағытталатынының дәлелі болуы мүмкін. Бұл орынды болуы мүмкін, өйткені жергілікті өнеркәсіпті қолдау аймақтағы жұмыспен қамтуды сақтауға мүмкіндік береді, ал құрылыстан кейінгі жел энергетикасының тікелей пайдасы салыстырмалы түрде аз болғандықтан, электр энергиясының нарық қажеттіліктері мен сұранысына сәйкес дұрыс бөлінетінін анықтау үшін әрі қарай қосымша бақылау қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Коростелева Юна и Жартиева Алина. «Не ждите справедливости в Жанатасе». OpenDemocracy, 17 марта 2021 г. <https://www.opendemocracy.net/en/odr/do-not-expect-any-justice-in-zhanatas-kazakhstan/>
2. Халықаралық энергетикалық агенттік. «Қазақстан 2022 – Энергетикалық секторға шолу». Халықаралық энергетикалық агенттік, 15 маусым 2022 ж. 71-б.
3. Алайда, бұл сандар сектордың алдында тұрған ақиқат шындық пен проблемаларды, атап айтқанда, Қазақстанның электр энергиясын өндіруде 67,3% үлесі бар көмірге тәуелділігін көрсетпейді.
4. Сол дереккөзден.
5. Атаханова Зауреш и Хоуи Питер. «Қазақстандағы электр энергиясына сұраныс». Энергетикалық саясат, 35-том, 7-шығарылым, шілде 2007 ж. 3730-бет. <https://doi.org/10.1016/j.enpol.2007.01.005>
6. АҚШ халықаралық сауда басқармасы. «Қазақстан – ел бойынша коммерциялық жол көрсеткіш». АҚШ халықаралық сауда басқармасы, 02 қыркүйек 2022 ж. <https://www.trade.gov/country-commercial-guides/kazakhstan-power-generation>
7. PwC Kazakhstan. «Қазақстандағы энергетикалық ауысу – тұрақты болашаққа оралу». PwC Kazakhstan, 30 маусым 2022 ж. 24-25-бб. <https://www.pwc.com/kz/en/assets/energy-report/energy-report-eng-final-1.pdf>
8. Тәжікстан үшін трансшекаралық электр энергиясы саудасы: Жол картасы. Халықаралық энергетикалық агенттік, 26 қараша 2021 ж. 9-бет. <https://iea.blob.core.windows.net/assets/b066e0be-9a3f-49ca-b932-38a1e81bda2a/Cross-BorderTradingforTajikistanARoadmap.pdf>
9. Путц Кэтрин. «Отключения электроэнергии в Казахстане, Кыргызстане и Узбекистане». The Diplomat, 25 январь 2022 г. <https://thediplomat.com/2022/01/blackouts-strike-kazakhstan-kyrgyzstan-and-uzbekistan/>
10. Аминджонов Фарход. «Энергетические системы стран Центральной Азии теперь изолированы, но не все довольны!» Ася Аврупа: Хавер-Йорум, апрель 2016, выпуск 4. <https://www.eurasian-research.org/publication/central-asian-countries-power-systems-are-now-isolated-but-not-everyone-is-happy/>
11. Еуропа қайта құру және даму банкі. «КЕГОК: ПЕРЕДАЧА ЭЛЕКТРОЭНЕРГИИ С СЕВЕРА НА ЮГ». Еуропа қайта құру және даму банкі, 25 тамыз 2003 ж. <https://www.ebrd.com/work-with-us/projects/psd/kegoc-northsouth-power-transmission.html>
12. Асембаева Макпал; Эгерер Йонас; Меделевич Роман; и Жакиев Нурхат. «Пространственные данные о рынке электроэнергии для энергосистемы Казахстана». Краткие данные, апрель 2019 г., 103781. пп. 4. <https://doi.org/10.1016/j.dib.2019.103781>
13. Қазақстан Республикасы Президентінің Аппараты. «Қазақстан Республикасының «жасыл» экономикаға» көшу тұжырымдамасы туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің Аппараты, 30 мамыр 2013 ж. <https://policy.asiapacificenergy.org/sites/default/files/Concept%20on%20Transition%20towards%20Green%20Economy%20until%202050%20%28EN%29.pdf>



14. Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросы. «Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық балансы». Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросы, 01 тамыз 2023 ж. <https://stat.gov.kz/en/industries/business-statistics/stat-energy/publications/75978/>
15. Халықаралық энергетикалық агенттік. «Тәжікстан 2022 – Энергетикалық секторға шолу». Халықаралық энергетикалық агенттік, 30 қыркүйек 2022 ж. 112-6. <https://iea.blob.core.windows.net/assets/ab8f5f01-4b54-4636-b2e8-7818e2ed55a8/Tajikistan2022.pdf>
16. Халықаралық энергетикалық агенттік. «Өзбекстан 2022 - Энергетикалық секторға шолу». Халықаралық энергетикалық агенттік, 30 қыркүйек 2022 ж. 96-97-66.. <https://iea.blob.core.windows.net/assets/0d00581c-dc3c-466f-b0c8-97d25112a6e0/Uzbekistan2022.pdf>
17. БҰҰ Еуропа экономикалық комиссиясы. «Жаңартылатын энергия көздерінің жай-күйі туралы баяндама». БҰҰ Еуропа экономикалық комиссиясы, 01 қыркүйек 2022 ж. 74-6.
18. Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі. «Қазақстан Республикасы электр энергетикасы саласының 2035 жылға дейінгі даму тұжырымдамасы». Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі, 26 қыркүйек 2022 ж. <https://www.gov.kz/memleket/entities/energo/documents/details/349883?lang=ru>
19. «LSM». «В Жамбылской области до 2020 года появятся семь объектов ВИЭ». «LSM», 30 октября 2018 г. <https://lsm.kz/proektv-vie-v-zhambvlskoi-oblasti>
20. Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросы. «Қазақстан Республикасының үй шаруашылықтарында отын мен энергияны тұтыну». Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросы, 30 маусым 2023 ж. пп. 4. https://stat.gov.kz/upload/iblock/22f/vaiv6i4lbqdi1f9vyovuw7tomqwnifqq/Fuel_and_energyconsumption_in_households_in_the_Republic_of_Kazakhstan.pdf
21. Джунусова Мадина и Беймишева Айгуль. «Моногорода Казахстана: Вызовы и возможности развития» в «Путь развития Казахстана», 18 сентября 2020 г. стр. 211-247. https://link.springer.com/chapter/10.1007/978-981-15-6899-2_8
22. Коростелева мен Жартиеваның дәйек келтірілген жұмысында.
23. Айжан Ауелбекова. «О бедных жамбылцах замолвили слово» (Комментарии, посвященные бедности жамбылцев). «Время», 25 сентября 2023 г. <https://time.kz/articles/territory/2023/09/25/o-bednyh-zhambyltsah-zamolvili-slovo>
24. Сол дереккөзден
25. Коростелева мен Жартиеваның дәйек келтірілген жұмысында.
26. Букеева Ардак. «Айдан Карибжанов инвестирует в ветроэнергетику Казахстана». «Forbes Kazakhstan», 02 мая 2018 г.
27. Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі. «АМИБ Орталық Азиядағы ең ірі жел электр станциясы – Қазақстандағы алғашқы жобаға инвестиция салады». Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі, 18 желтоқсан 2019 ж. <https://www.AIIB.org/en/news-events/news/2019/АМИБ-Invests-in-Central-Asias-Largest-Wind-Farm-with-First-Project-in-Kazakhstan.html>
28. <http://www.maphill.com/kazakhstan/dzhambul/zhanatas/location-maps/blank-map/>
29. Букеева Ардак и Аулбекова Арайлим. Время возвращаться. «Почему холдинг Айдана Карибжанова намерен сосредоточиться на Казахстане». «Forbes Kazakhstan», 11 ноября 2019 г. https://forbes.kz/finances/investment/vremya_vozvraschatsya_1573207581/
30. Усов Антон. «ЕБРР утверждает новую стратегию для Казахстана». Европейский банк реконструкции и развития, 28 июня 2022 г. <https://www.ebrd.com/news/2022/ebrd-approves-new-strategy-for-kazakhstan.html>

31. KazRef II – «Ветровая электростанция Жанатас». Европейский банк реконструкции и развития, 04 августа 2020 г. <https://www.ebrd.com/work-with-us/projects/psd/50569.html>
32. «Крупнейшая в Центральной Азии ветровая электростанция, построенная китайской фирмой, обеспечит энергией 1 млн. казахстанских домохозяйств». Синьхуа, 12 июня 2021 г. www.xinhuanet.com/english/2021-06/12/c_1310004153.html
33. «Возобновляемые источники энергии набирают обороты в Центральной Азии». Energy Intelligence, 20 апреля 2021 г. <https://www.energyintel.com/0000017b-a7dd-de4c-a17b-e7df18340000>
34. «АМИБ и ЕБРР оптимизируют процедуры софинансирования». Азиатский банк инфраструктурных инвестиций, 06 апреля 2021 г. <https://www.AIIB.org/en/news-events/news/2021/AIIB-and-EBRD-streamline-co-financing-procedures.html>
35. Усов Антон. «ЕБРР помогает Казахстану увеличить мощность возобновляемых источников энергии на 100 МВт». Европейский банк реконструкции и развития, 01 сентября 2023 г. <https://www.ebrd.com/news/2023/ebird-helps-kazakhstan-add-100-mw-of-renewable-energy-capacity.html>
36. Плодотворное китайско-казахстанское сотрудничество в рамках инициативы «Один пояс – один путь». Синьхуа, 19 мая 2023 г. <https://english.news.cn/20230519/4a493ca0c2eb4047975c6b5b9123718b/c.html>
37. Рен Ки. «Совместные энергетические проекты помогут обеспечить энергией население на три десятилетия». China Daily, 15 сентября 2023 г. <https://www.chinadaily.com.cn/a/202309/15/WS6503b584a310d2dce4bb5e41.html>
38. Ванн Амбер. «Си Цзиньпин посылает послы о поддержке Касым-Жомарту Токаеву, поскольку беспорядки продолжаются». South China Morning Post, 7 января 2022 г. <https://www.scmp.com/news/china/diplomacy/article/3162596/chinese-president-xi-jinping-sends-message-support-kazakhstans>
39. Радовиц Бернд. «Глава «TotalEnergies» утверждает, что китайские гиганты ветроэнергетики работают по «стоимости, превосходящей всех конкурентов». Recharge News, 27 сентября 2023 г. <https://www.rechargenews.com/wind/totalenergies-boss-says-chinas-wind-power-giants-operate-at-costs-that-beat-all-competition/2-1-1524959>
40. Vestas. «Первый заказ в Казахстане укрепляет глобальный охват компании Vestas». Vestas, 22 января 2018 г. <https://www.vestas.com/en/media/company-news/2018/first-order-in-kazakhstan-strengthens-vestas-global-re-c2963458>

